




Бекітемін
ҚазҰУ-дың бірінші проректоры
М.М. Бүркітбаев
«28» қыркүйек 2020 ж.

ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Көшірме	Код	Басылым	Өндіруші	Келісім берушілер	Келісім берушілер
	Е ҚАЗ ҰУ	екінші	Жаңа білім беру технологиялары институтының директоры Мусинова А.А. 	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Мухитдинова Т.М.  Экономика және қаржы департамент директоры Шинтаев Н.Т. 	Құқықтық жұмыс басқармасының басшысы Құрманалиев Б.О.  Адам ресурстарын басқару және мұрағат жұмысы басқармасының басшысы Мадиярова А.С.  Стратегиялық даму орталығының директоры Минажева Г.С. 

Алматы қ., 2020 ж.

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 2, 28-ден

Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері

Жалпы ережелер

1.1. Қашықтан оқыту технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері (бұдан әрі – ережелер) ҚР "Білім туралы" Заңына; ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік білім беру стандартына (жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы); "Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына (жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 508 "Формальды емес білім беретін белгілі ұйымдардың тізіміне енгізілген ұйымдар ұсынатын, формальды емес білім арқылы ересектер алған оқыту нәтижелерін тану ережелерін бекіту туралы" бұйрығына; ҚР БҒМ, Астана қ. 2 № 14-4_829-ІН кіріс хатының (2020-2021 оқу жылының күзгі семестріне ұйымдардың дайындық Чек-парағының жобасы (2928179 v1)) қосымшасына, қашықтан білім беру технологияларын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді қолдану арқылы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (бұдан әрі – Университет, ҚазҰУ) оқу үдерісін ұйымдастыру тәртібін айқындайтын, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың академиялық саясатына сәйкес жасалған.


1.2. Осы Ережелер ішкі нормативтік құжат болып табылады және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде және білім беру қызметін ақылы көрсету шарттары негізінде қаржыландырылатын қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын кредиттік технология шеңберінде ҚазҰУ-да іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібін айқындайды.

1.3. Қашықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі – ҚБТ) қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру білім алушылардың академиялық күнтізбеге сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін жүзеге асырылады.

1.4. Университетте ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- 1) оқытуды жекелендіру;
- 2) оқытудың тиімділігін (сапасын) арттыру;
- 3) дәстүрлі оқыту нысандары қолжетімсіз болып табылатын тұлғаларға білім беру қызметтерін ұсыну.

1.5. Қашықтан білім беру технологиясының субъектілері (қатысушылары)

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 3, 28-ден

білім алушылар, педагог қызметкерлер, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және өзге де білім беру ұйымдарының қызметкерлері болып табылады.

1.6. ҚБТ-ны іске асыру телевизиялық, желілік және кейс-технология бойынша жүзеге асырылады.

1.7. ҚБТ-ны қолдану арқылы оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормалары педагогикалық жүктемені есептеу үшін бекітілген нормативтерге сәйкес белгіленеді.

1.8. Осы Ережелерде келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:
білім алушылардың академиялық ұтқырлығы – білім алушылардың немесе зерттеуші оқытушылардың белгілі бір академиялық кезең (семестр немесе оқу жылы) ішінде өз ЖОО-ның басқа факультеттерінде немесе басқа ЖОО-да (ел ішінде немесе шетелде) оқуын жалғастыру үшін игерілген оқу бағдарламаларын, пәндерді академиялық кредиттер түрінде міндетті түрде қайта тапсыра отырып, оқу немесе зерттеулер жүргізу үшін ресурстар мен көрсетілетін қызметтерді пайдалануы;

академиялық күнтізбе – оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларын, практикаларды өткізу, демалыс күндерін (демалыс және мереке) ескере отырып құрылған күнтізбе;

Университеттің Академиялық комитеті – Университеттің білім беру қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтын, алқалы басқарушы және атқарушы басқару органы;


академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;

қашықтан оқыту – оқыту нысандарының бірі, электрондық және телекоммуникациялық құралдар арқылы білім беру ұйымдарынан алыс орналасқан тұлғалардың оқу-танымдық қызметі мен дамуына мақсатты және әдістемелік ұйымдастырылған басшылық. Орны мен уақытына қарамастан жеке режимде үздіксіз оқу мүмкіндігін ұсынады. Қашықтан оқыту синхронды және бейсинхронды болуы мүмкін;

синхронды оқыту (бір мезгілде, нақты уақыт режимінде) – білім алушының оқытушымен, курстастарымен жоспарланған уақытта онлайн режимде (вебинарлар, бейнеконференциялар, чаттар, интернет желісі бойынша хабарламалармен алмасу арқылы) тікелей қарым-қатынаста болуы;

бейсинхронды оқыту (бір мезгілде емес) – білім алушылар курстың мазмұнына оқу кестесінен тыс уақытта қол жеткізе алады және өз кестесі бойынша тапсырмаларды орындай алады, оқытушымен және курстастарымен онлайн-әңгімелесу арқылы сөйлесе алады, тек оқытушы белгілеген тапсырмалардың тапсыру мерзімдерін ұстанады;

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ақпараттық-білім беру жүйелері (АБЖ) – оқу үдерісін автоматтандырудың ақпараттық Univer жүйесі, Moodle қашықтан оқыту жүйесі;

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 4, 28-ден

жеке оқу жоспары (ЖОЖ) – білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына білім алушының білім беру траекториясын көрсететін құжат;

білім алушыларды қорытынды аттестаттау – тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім алушылардың оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін және білім беру бағдарламасында көзделген оқу қызметінің өзге де түрлерін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

қорытынды бақылау – емтихан түрінде аралық аттестаттау кезеңінде өткізілетін оқу пәні бағдарламасын меңгеру сапасын бағалау мақсатында білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау, егер пән бірнеше академиялық кезеңдерде оқылса, онда қорытынды бақылау осы академиялық кезеңде оқылған пән бөлігі бойынша жүргізілуі мүмкін;

кампус курсы (SPOC, ағылш. small private online course) – ЖАОК нұсқасы. Ұйымда ресми оқытуды жүзеге асыруда қолданылатын шағын жабық онлайн курс. Шағын академиялық топтарға бағытталған. "Төңкерілген класс" моделін жүзеге асырады. Осыған байланысты кампус курсы курстан өте алатын және бүкіл оқу үдерісінде бір-бірімен өзара әрекеттесуге дайын студенттердің белгілі бір топтарына бағытталған;

кейс технологиясы – қағаз, электронды және өзге де тасымалдағыштарда оқу-әдістемелік материалдар жиынтығына (кейстерге) және оларды өз бетінше зерделеу үшін білім алушыларға жеткізуге негізделген технология;

ҚБТ қолданылған оқу бағдарламаларының үйлестірушісі – басшылық қызмет атқармайтын, факультетте ҚБТ қолдану арқылы, оқу үрдісін ұйымдастыруда ақпараттық, әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыратын факультет оқытушысы;


жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі – ЖАОК) – электронды оқыту технологияларын қолданып, жаппай интерактивті қатысуды іске асыратын және Интернет арқылы қол жетімді оқу курсы;

мультимедиа – пайдаланушыға әртекті деректермен (графика, мәтін, дауыс, бейне) жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені;

формальды емес білім беру – оқыту мерзімдері мен формаларын ескермей, оқыту нәтижелерін растайтын құжат берілетін білім беру қызметтері;

білім беру порталы – ҚБТ бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, әкімшілік-академиялық және оқу-әдістемелік ақпараты бар, ақпараттық ресурстар мен Интернет сервистерінің өзара байланысы бар желілік жиынтығы;

онлайн оқыту – нақты уақыт режимінде интернет арқылы оқытудың бір түрі. Онлайн оқыту кезінде студенттер аудиторияда оқытушымен бірге, сондай-ақ кез келген жерде қашықта бола алады және сандық технологиялар мен сандық бағалау формаларын қолдану арқылы оқи алады;

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 5, 28-ден

онлайн прокторинг – білім алушылар көрсеткен нәтижелердің шынайылығын растау үшін онлайн емтихан кезінде білім алушының тәртібін тексеру, талдау және бақылау рәсімі;

онлайн платформа – онлайн курстарды тегін оқуға мүмкіндік беретін, ашық онлайн білім беру порталы;

ЖББП – жалпы білім беретін пәндер циклі, міндетті компонент, жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті пәндерін қамтиды;

“төңкерілген класс” – аралас оқытудың бір түрі, оқу үшін қажетті оқу материалдары білім алушыларға алдын ала беріледі, ал аудиториялық уақыт оқытушы мен білім алушылардың бірлескен белсенді қызметінен тұрады;

дербес оқу ортасы – студентке оқу үшін қолайлы жағдай жасайтын оқу кұралдарының, әлеуметтік сервистердің, ақпараттық ресурстардың, оқу қызметі субъектілерінің жиынтығы;

жарты семестрлік емтихан (Midterm Examination) – академиялық кезеңнің 10-аптасында өткізілетін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау;

DBA бағдарламасы – практикалық тәжірибесі бар, сондай-ақ бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, менеджменттің заманауи тұжырымдамалары мен модельдерін игеру және дамыту үшін қолданбалы зерттеулер жүргізуге мүдделі басқарушы кадрларды, жоғары буын менеджерлерін даярлауға арналған білім беру бағдарламасы;

executive MBA бағдарламасы (бұдан әрі – EMBA) – бұл мақсатты аудиторияның ерекшеліктерін ескере отырып, топ-менеджерлерді даярлауға бағдарланған MBA бағдарлама;


MBA бағдарламасы – бизнес саласындағы заманауи білімдер мен дағдыларды меңгерген, үдерістер мен кадрлық активтерді басқаруға, компанияның стратегиясын жасауға, стратегиялық және оперативті міндеттерді анықтай білуге және ғылыми аспаптарды қолдану арқылы, оларға қол жеткізе білуге қабілетті басқарушы кадрлар даярлау бағдарламасы;

қос дипломды білім бағдарламасы – қос диплом (Double Major) немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом (Major-Minor) алу мақсатында серіктес университеттер арасындағы бағдарламаларды бірнеше оқу жоспарлары (білім беру бағдарламалары) бойынша қатар оқу мүмкіндігімен салыстыруға және үндестіруге негізделген білім бағдарламасы;

білім алушыларды аралық аттестаттау – емтихан сессиясы кезеңінде білім алушылардың, толық курстың немесе бөлігінің игеру сапасын бағалау мақсатында өткізілетін рәсім;

оқу нәтижелері – білім алушының білім беру бағдарламаларын және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастарды меңгергендігін көрсете алған білімі, білігі, дағдылары көлемін дәлелді бағалау;

білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың оқу пәнін

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 6, 28-ден

меңгеру аяқталғаннан кейін оның бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында емтихан сессиясы кезеңінде өткізілетін рәсім;

сертификат – онлайн-платформада білім алушының оқу нәтижелерін бағалауды және игерілген академиялық кредиттер (сағат) санын растайтын құжат. Сертификат онлайн-платформада оқу нәтижелерін ресми түрде рәсімдеу фактісін растайтын оқу туралы анықтама, расталған сертификат немесе басқа да құжат бола алады. Университетің аты, білім алушының аты-жөні, курстың аталуы және кредиттер көлемі көрсетілген, қолмен және мөрмен расталған электронды сертификат сілтемесі тыңдаушыға еркін формада беріледі:

– онлайн операторлар – Қазақстанның ашық білім беру Ұлттық платформасы (бұдан әрі – ҚАБҰП), егер оқу ҚАБҰП– moocs.kz өтсе;

– немесе егер оқу әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖАОК – open.kaznu.kz онлайн платформасында өтсе, ҚазҰУ-дың оқу ісі жөніндегі проректорымен.

желілік (өзара) оқыту (англ. networked learning, peer-to-peer learning) – білім алушылар бір-бірін оқытатын, бір-бірімен орындалған тапсырмаларды өзара тәуелділік пен жауапкершілік жағдайында бағалап, үйлесімді өзара оқу ортасын құру технологиясы; білім алушыларды оқу үдерісіне тартуға, ынталандыруға ықпал етеді, қарым-қатынас дағдыларын дамытады;

желілік технология – оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді, білім алушылардың оқытушылармен және бір-бірімен интерактивтік өзара іс-қимыл нысандарын, сондай-ақ интернет желісін пайдалану негізінде оқу үдерісін әкімшілендіруді қамтитын технология;

аралас оқыту (ағылш. blended learning) – білім беру тұжырымдамасы, оның шеңберінде білім алушы пәнді өз бетінше онлайн, сондай-ақ оқытушымен бетпе-бет оқиды. Дәстүрлі әдістер мен өзекті технологияларды біріктіруге мүмкіндік береді (мысалы – "төңкерілген класс" технологиясы»);


ағымдағы бақылау – академиялық кезең ішінде оқытушымен аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда жүргізілетін оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру;

телевизиялық технология – телевизияның эфирлік, кабельдік және спутниктік жүйелерін пайдалануға негізделген технологиялар;

тьютор – студентке нақты пәнді және (немесе) модульді игеруге көмектесетін академиялық кеңес беруші рөлін атқарушы оқытушы;

сандық волонтер – оқытушылар / студенттер үшін көмекші рөлін атқаратын және факультетте ҚБТ қолдану арқылы оқыту үдерісін ұйымдастырушылық, ақпараттық, әдістемелік жағынан сүйемелдейтін университеттің білім алушысы;

сандық контент – цифрлық оқу материалдарын ақпараттық (мәтіндер, графикалар, мультимедиаалар және өзге де маңызды толықтырулар) толықтыру;

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 7, 28-ден

сандық профиль / портфолио – электрондық нысанда ұсынылған білім беру үдерісінің, субъектілерінің білім беру, кәсіптік немесе өзге де қызметі туралы ақпаратты, қамтитын деректер жиыны;

сандық із – білім беру үдерісінің субъектілерінің интернетте цифрлық құрылғыларды пайдалана отырып іс-әрекеттерді орындауы барысында алынған, тіркелетін деректердің бірегей жиынтығы;

сандық білім беру ресурстары (бұдан әрі – СБР) – бұл интерактивті түрде оқытуды қамтамасыз ететін, оқу пәні бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статистикалық және динамикалық үлгілер, виртуалды шынайылық пен интерактивті модельдеу нысандары, дыбыстық жазбалар мен өзге де цифрлық оқу материалдары;

пәннің оқу-әдістемелік кешені (е-ПОӘК) – силлабустан, дәрістердің қысқаша конспектінен, зертханалық, практикалық және семинарлық сабақтарға арналған тапсырмалардан, СӨЖ/МӨЖ/ДӨЖ арналған тапсырмалардан тұратын құжат, сабақтардың тақырыптары мен түрлері бойынша өзіндік жұмыс істеуге арналған оқу-практикалық материал (кейстер, есептер жинағы, талдау және т.б. мақалалар), пәннің әдістемелік қамтамасыз етілу картасы, сандық блок контенті;

1.9. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚБТ келесі қатынастарда пайдаланылады:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру базасындағы қысқартылған білім беру бағдарламалары және MBA (EMBA) және DBA бағдарламалары бойынша білім алушыларға;

2) ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларға, оның ішінде мүгедек балаларға, бала кезінен мүгедектерге, I және II топтағы мүгедектерге барлық білім беру деңгейлеріндегі топтарға;

3) жоғары және (немесе) жоғары білім беруден кейінгі білім бағдарламалары бойынша білім алушылардың алмасу бағдарламалары бойынша мемлекеттен тыс жерлерге шыққан, «Болашақ» стипендиаттарынан бөлек білім алушыларға;

4) жоғары білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша ұзақ мерзімді шетелдік іссапардағы (2 айдан астам уақыт) білім алушыларға;


5) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушыларға;

6) қос дипломдық бағдарламалар және алмасу бағдарламалары бойынша білім алушыларға;

7) шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша оқытындарға;

8) жекелеген пәндер бойынша blended learning (аралас оқыту) форматында ЖАОК пайдалана отырып, күндізгі бөлімде білім алушыларға;

9) қосымша білім беру бағдарламалары бойынша blended learning (аралас оқыту) форматында ЖАОК пайдалана отырып, сыртқы тыңдаушыларға;

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 8, 28-ден

10) мекемелердегі тиісті техникалық жағдайларға байланысты минималды қауіпсіздік мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандарға қатысты;

11) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитын және мемлекеттен тыс жерлерде жүрген шетелдіктерге, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ тұлғаларға;

12) тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында білім беру саласындағы уәкілетті органның ұсынымы негізінде қосымша білім берудің, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға қатысты қолданылады.

13) ҚБТ-ны қолдану арқылы оқыту күндізгі оқу мүмкіндігі болмаған жағдайда факультеттің дәлелді негіздемесі бар ұсынысы және университеттің академиялық комитетінің шешімі негізінде жоғарыда аталмаған басқа жағдайларда білім алушыларға да қолданылуы мүмкін.

1.10. ҚБТ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген білім арудың барлық нысандары кезінде, оның ішінде бейресми, қосымша білім беруге, қайта даярлауға және біліктілікті арттыруға қатысты, оның ішінде шет тілдерінде қолданылады.

1.11. Жоғарыда аталған барлық жағдайларда білім алушылардың пән оқытушыларымен өзара оқу іс-қимылы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.


1.12. Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар кредиттерді тек білім беру компоненттері немесе оқу пәндері бойынша меңгереді.

1.13. Университеттің Академиялық комитетінің және факультеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде күндізгі бөлім студенттеріне жекелеген пәндер бойынша ЖББП блогындағы пәндерді қосқанда жаппай ашық онлайн-курстар форматындағы курстарды оқуға болады. Жаппай ашық онлайн курстар форматында оқытылатын пәндер бойынша кредиттерді қайта есептеу курсты жасаған кафедра бөлімімен жүзеге асырылады.

1.14. Жаппай ашық онлайн-курстар форматында оқытылған пәндер бойынша кредиттерді қайта есептеу толық немесе ішінара болуы мүмкін. Қайта есептеу көлемі күтілетін оқу нәтижелеріне сәйкес анықталады.

1.15. Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқыту кезінде оқу үдерісін талдау және жетілдіру мақсатында цифрлық ізді жинау және цифрлық профильді қалыптастыру арқылы білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің қызметі белгіленуі мүмкін.

1.16. Сандық із деректерінің көздері:

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 9, 28-ден

1. субъектінің өзі оның қызметі туралы енгізетін ақпарат және оқытудың нәтижелілігін бағалау және т. б.;

2. онлайн-оқытудың немесе бағалаудың/диагностиканың цифрлық білім беру платформаларынан деректерді автоматты түрде тіркеу және беру;

3. білім алушылардың жұмысы және әзірлеу/коммуникация орталарында деректерді жинақтау кезінде деректерді немесе оларға сілтемелерді автоматтандырылған тіркеу және беру;

4. биометриялық деректерді жинауға арналған технологиялық шешімдер болуы мүмкін.

1.17. Егер оқудың күтілетін нәтижелерін қалыптастыру қашықтан білім беру технологияларын қолдануға мүмкіндік берсе, онда оқыту үшін тек дәстүрлі ғана емес, қашықтан оқыту әдістері жекелеген тиімді педагогикалық технологиялар стандарттары және оқу нәтижелерін бақылау мен болжау рәсімдері арқылы жүзеге асады.


ҚазҰУ-да ҚБТ бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру тәртібі

2.1. ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруды білім беру бағдарламаларының оқу жоспарлары, академиялық күнтізбе, оқу сабақтарының кестелері және оқу процесі басталғанға дейін 2 аптадан кешіктірмей оқу үдерісін жоспарлау және қолдау көрсету басқармасы (бұдан әрі – ОҰЖЖҚКБ) беретін өзге де регламенттеуші құжаттар негізінде Жаңа білім беру технологиялары институты (бұдан әрі – ЖББТИ) жүзеге асырады.

2.2. 1-тармақтың 1.9 тармақшасында көрсетілген білім алушылардың ҚБТ бойынша оқу үдерісінің ұйымдастырылуы білім алушының жеке оқу жоспары және факультет шығаратын қабылдау туралы бұйрықтар негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте қысқартылған білім беру бағдарламаларын білім алушыларды ҚБТ қолдану арқылы оқуға ауыстыру білім алушылардың жеке өтініштеріне сәйкес толық жиынтықты оқу тобы және бітіртуші кафедраның шешімі бойынша тиісті сандық білім беру ресурстары болған кезде ғана жүзеге асырылады.

2.3. 1.9-тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген тұлғаларды ҚБТ қолдану арқылы оқыту мүмкіндігін даярланған ПОҚ, СБР және толық жинақталған оқу тобының болуын ескере отырып, бітіртуші кафедра дербес айқындайды.

2.4. 1.9-тармақтың 2, 3-тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру үшін факультет Оқу жұмысы жөніндегі проректор қол қойған олардың жеке өтініші және растайтын құжаттары негізінде тиісті бұйрық шығарады (ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар үшін – ұзақ стационарлық емдеудегі тұлғалар үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынысы –

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 10, 28-ден

емдеу орнынан растайтын құжат және т.б.).

2.5. Жоғары білім базасында авиациялық техника және технологиялар, денсаулық сақтау, дене шынықтыру, әскери іс саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлау үшін ҚБТ-ны пайдалануға барлық оқу кезеңінде пәндерді **жалпы көлемде 30 академиялық кредиттен аспайтын оқу кезінде** жол беріледі.

2.6. МВА бағдарламалары бойынша ҚБТ барлық оқу кезеңінде оқу пәндердің жалпы көлемі **30 академиялық кредиттен аспауы** қажет және ЕМВА мен ДВА бағдарламаларына сәйкес барлық оқу кезеңінде оқу пәндерінің **жалпы көлемі 15 академиялық кредиттен кем болмауы керек.**

2.7. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы, қос диплом және студенттермен алмасу бағдарламалары бойынша, білім алушыға ҚБТ қолданып оқу үдерісін ұйымдастыру (1.9-тармақтың 4,5,6,7-тармақшаларында) әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттер кеңсесі шығаратын шетелдік іссапар туралы бұйрықтың және қашықтан оқытылатын пәндер көрсетілген білім алушының жеке оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады. Шетелдік іссапар туралы бұйрық шыққаннан кейін білім алушылар жоспарланған қашықтан оқитын пәндерден бас тарта алмайды.


2.8. ҚБТ қолдану кезінде академиялық ұтқырлық бағдарламалары, жоғары және жоғары оқудан кейінгі білім беру бағдарламалар бойынша білім алушыларға барлық оқу кезеңінде пәндерді оқу барысында жалпы көлемі **60 академиялық кредиттен аспауы** керек.

2.9. Қосдипломды бағдарламаларды іске асыру кезінде және білім алушылардың алмасу бағдарламалары бойынша ҚБТ қолдану арқылы оқуға пәндерді оқу кезінде жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін жалпы көлемі **120 академиялық кредиттен** және магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша **60 академиялық кредиттен артық емес** рұқсат етіледі.

2.10. 1.9-тармақтың 8-тармақшасында көрсетілген тұлғаларды ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру факультеттің Ғылыми кеңесі мен университеттің академиялық комитетінің шешіміне сәйкес шығарылатын оқу жұмысы жөніндегі проректордың өкімі негізінде жүзеге асырылады.

2.11. 1.9-тармақтың 9-тармақшасында көрсетілген сырттай тыңдаушыларды ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жоспарлау қызметі шығаратын қосымша оқуға қабылдау туралы бұйрық және білім алушылардың жеке кестесі негізінде жүзеге асырылады.

2.12. 1.9-тармақтың 10-тармақшасында көрсетілген тұлғаларды ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың өтініші бойынша шығарылатын университет ректорының бұйрықтары, қосымша оқуға қабылдау туралы бұйрық және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жоспарлау қызметі шығаратын білім алушылардың жеке

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 11, 28-ден

кестесі негізінде жүзеге асырылады.

2.13. 1.9-тармақтың 11-тармақшасында көрсетілген тұлғаларды ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру университет ректорының шетелдіктерді, оның ішінде мемлекеттен тыс жерде орналасқан және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларды қабылдау туралы бұйрығының, сондай-ақ оқытудың жеке кестелерінің негізінде жүзеге асырылады.

2.14. 1.9-тармақтың 12-тармақшасында көрсетілген тұлғаларды ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру тиісті органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында ҚБТ-ға көшу туралы университет ректорының бұйрықтарына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органның ұсынымы негізінде жүзеге асырылады.

2.15. ЖАОК форматында ҚБТ қолдану арқылы сыртқы тыңдаушылардың/қарыз сабағын өтеушілердің/«Incomplete» бағасы бар білім алушылардың, оқуға тіркелуі Оқу үдерісін жоспарлау және қолдау көрсету басқармасы шығаратын бұйрық негізінде жүзеге асырылады.

2.16. ҚБТ қолданатын университеттің білім алушысы:

1) оқу курстарын университеттің білім беру порталдарына жүктелген пәндердің электрондық оқу-әдістемелік кешендері (бұдан әрі – Е-ПОӘК) СБР көмегімен өз бетінше оқиды;

2) бекітілген кестеге сәйкес on-line және (немесе) off-line режимінде қашықтан оқыту сабақтарына қатысады;


3) университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес бақылаудың (ағымдық, аралық) барлық түрлерін тапсырады.

2.17. Синхронды режиміндегі оқу сабақтары цифрлық технологияларды (Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom т.б. сияқты әртүрлі бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, Интернет желісі бойынша хабар алмасу арқылы бейне дәрістер, вебинарлар, бейнеконференциялар өткізу) қолдану арқылы оқу үдерісін нақты уақыт режимінде өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асады.

2.18. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім алушылардың оқу жетістіктерін ҚБТ қолдану арқылы тексеру үшін сабақтарды синхронды және бейсинхронды режимде міндетті түрде өткізу қарастырылған:

синхронды режимде – оқытушы мен білім алушының BigBlueButton, Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom, Skype, тестілеу интерактивті элементін қолдану арқылы, бейнеконференция кезінде қарым-қатынасы жоспарланған уақытта болатын өзара оқу әрекеттесу үдерісі.

бейсинхронды режимде – оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасы бір уақытта болмайтын оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасы бір уақытта болмайтын өзара оқу әрекеттесу үдерісі, мысалы, білім алушының оқытушының тапсырмасы бойынша жұмысы (жобалық тапсырмалар,

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 12, 28-ден

кейстерді шешу, эссе жазу және т.б.), ерекше жағдайларда оқытушы бекіткен мерзімдерге сәйкес электрондық пошта арқылы, кейіннен академиялық күнтізбеге сәйкес аралық және (немесе) қорытынды бақылауды тапсыра отырып өзара оқу әрекеттесу үдерісі.

2.19. ҚБТ қолданатын білім алушылардың ағымдағы бақылау бойынша үлгерімі және аралық аттестациясы, Университеттің Академиялық саясатына, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың білім алушыларының оқу жетістіктерін бақылау түрлері мен формалары туралы ережеге, қорытынды бақылауды өткізу ережесіне (емтихан сессиясы) сәйкес жүзеге асырылады.

2.20. Онлайн режимде білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылауды және аралық аттестацияны өткізу үшін ҚазҰУ-дың ЖБТИ білім алушыны анықтауға, білім алушының экраны мен тәртібін бақылауға, сонымен қатар емтиханның барлығын бейнеге жазуға мүмкіндік беретін онлайн прокторинг технологияларын пайдалануды қамтамасыз етеді.

2.21. Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылауды және аралық аттестацияны өткізу үшін оқытушы бақылаудың форматын таңдай алады, оның нәтижесі студенттің жазбаша жұмысы болады. Оқытушы орындалған тапсырманы университеттің плагиатқа қарсы жүйесі арқылы тексеруге міндетті. Тексеріс есебі студентке қол жетімді болуы керек.

2.22. Ағымдағы үлгерімді бақылауды, жарты семестрлік емтиханды жүргізу үшін оқытушы бақылау форматын – желілік (өзара) оқыту технологиясы негізінде студенттердің бір-бірін өзара тексеруін таңдай алады.

2.23. Онлайн прокторинг жүйесі болмаған жағдайда ҚБТ қолданатын білім алушылар қорытынды бақылауды (емтихан сессиясын) өткізу ережелеріне сәйкес дәстүрлі түрде пәндер бойынша қорытынды емтихан түрінде тапсырады.


2.24. Жалпы орта білім беру бағдарламасы негізінде ҚБТ қолдану арқылы оқытуға әдетте, факультеттің Ғылыми кеңесі меңгеруге және қайта есептеуге ұсынған blended learning аралас оқыту және ЖАОК форматында жол беріледі.

2.25. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқитын жалпы орта білім беру бағдарламасы негізіндегі білім алушылар үшін ҚБТ қолдану арқылы оқу шетелдік білім беру ұйымында болу мерзімінде рұқсат етіледі.

2.26. Білім беру саласындағы халықаралық шарттар (келісімдер) шеңберінде Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру және оған рұқсат беру тәртібін бітіртуші кафедра университеттің Академиялық комитетімен келісім бойынша дербес айқындайды.

2.27. Сотталған және қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жазасын өтеп жатқан білім алушыны қорытынды аттестаттауды өткізу мемлекеттік аттестаттау комиссиясының білім алушының тұрған жеріне шығуымен жүзеге асырылады.

2.28. Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 13, 28-ден

техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында оқыту кезінде білім беру саласындағы уәкілетті органның ұсынымы бойынша:

1) аудиторияда оқытушының білім алушымен өзара іс-қимылы арқылы өткізілетін оқу сабақтарының болмауы;

2) мамандықтардың ерекшелігіне байланысты практика жетекшілерімен жанама (қашықта) өзара іс-қимыл жасау кезінде, өндірістік оқытуды және (немесе) кәсіптік практиканы толық немесе ішінара қашықтан ұйымдастыру қарастырылады.

Бұл ретте білім алушыларға кәсіби құзыреттерді меңгеруге мүмкіндік беретін виртуалды зертханаларды, симуляторларды, тренажерларды пайдалану көзделеді.

Оқу үдерісін жоспарлау және қолдау көрсету басқармасы оқу жоспарында белгіленген сағаттардың жалпы көлеміне нұқсан келтірмей, өндірістік оқытудан, оқу және өндірістік практикадан өту мерзімдерін айқындау бөлігінде оқу үдерісінің кестесіне өзгерістер енгізеді.

Кеңес беру жеке және топтық сабақтар түрінде жүзеге асырылады. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларды оқыту кезінде қашықтан білім беру технологиялары олар үшін қолжетімді нысандарда ақпаратты қабылдау-беру жүзеге асырылады.

3. ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

3.1. ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруды ҚазҰУ-дың ЖББТИ бітіртуші кафедралармен бірлесіп, келесі платформалардың бірінде орналасқан қажетті сандық білім беру ресурстары болған жағдайда жүзеге асырады:

1) білім беру порталы – Moodle қашықтан оқыту жүйесі (бұдан әрі – MOODLE ҚОЖ – dl.kaznu.kz);


2) әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖАОК онлайн-платформасы (moocs.kz), Қазақстанның ұлттық ашық білім беру платформасы (open.kaznu.kz).

3) оқытушының студенттермен келісімі бойынша ағымдағы оқу үдерісі Дербес оқу орталарында (Microsoft Teams, Google Classroom және т.б.) жүргізілуі мүмкін.

3.2. Университетте өзіндік немесе Академиялық Комитет бекіткен басқа да онлайн-платформаларында ЖАОК жүзеге асырылады. Онлайн-платформаға жүктемес бұрын ЖАОК ҚазҰУ-дың ЖББТИ ұйымдастырған оқу-әдістемелік сараптамадан және апробациядан өтуі керек.

3.3. ЖББТИ әзірленген ЖАОК-тың онлайн-платформаға жүктелуін, білім алушыны тіркеуді, оқытуды және үнемі бақылауды жүзеге асырады, университеттің атын, тыңдаушының аты-жөнін, курс аты мен кредит көлемін көрсететін сертификат береді.

3.4. ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру үшін ҚазҰУ-дың ЖББТИ-мен бірге бітіруші кафедра:

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 14, 28-ден

– телекоммуникация желісіне (Интернет, спутниктік теледидар) қол жеткізуге болатын жабдықты;

– білім беру бағдарламасына сәйкес цифрлық білім беру ресурстарын (СБР) әзірлеу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуге қол жеткізумен қамтамасыз етуі керек. СБР құрылымы мен мазмұнын бітіртуші кафедра дербес анықтайды.

3.5. ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру үшін ҚазҰУ-дың ЖБТИ:

1) ҚБТ қолданатын білім беру бағдарламаларының координаторларын, оқытушыларды, тьюторларды және қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырушы қызметтерді оқытуды ұйымдастырады;

2) СБР әзірлеу мен жаңартуда оқытушы-профессорлық құрамға көмек көрсетеді;

3) ҚБТ қолдану арқылы оқытуды арнайы желілік жүйелер арқылы басқаруды қамтамасыз етеді;

4) аутентификация жүйесі арқылы (осы жүйе болған жағдайда) білім алушылар мен тыңдаушылардың жеке басын сәйкестендіруді қамтамасыз етеді;

5) ҚБТ (форум, чат, бейне және аудиоконференция) бойынша оқу үдерісіне қатысушылар арасында өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

6) білім алушылар мен тыңдаушылардың Университеттің электронды кітапханаларына және ҚБТ қолдану арқылы білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша серіктестерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

7) ҚБТ қолдану арқылы, оқу үдерісін жүзеге асыруға әдістемелік, техникалық және ақпараттық қолдау көрсетеді, оның ішінде ҚБТ қолдану бойынша call-орталықтарымен жұмыс істейді;

3.6. Коммерциялық негізде (МВА, ЕМВА, ДВА бағдарламалары, сыртқы тыңдаушылар және т.б.) ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісін жүзеге асыру үшін оқытудың осы түрін жүзеге асыратын факультет оқу үдерісіне бір күнтізбелік ай қалғанда ЖБТИ-ға ұсыну керек:

1) оқу ісі жөніндегі проректордың коммерциялық білім беру бағдарламасын іске қосу уақыты туралы және білім алушылардың құрамы туралы бұйрығы (Директум ЭҚАЖ арқылы);


2) академиялық күнтізбе;

3) оқу жұмыс жоспары;

4) әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі проректор бекіткен білім беру қызметін көрсетуге арналған шарттар негізінде жүзеге асырылатын, білім беру бағдарламасының оқу үдерісін техникалық қамтамасыз ету үшін ЖБТИ қызметкерлеріне төленетін смета;

5) білім беру бағдарламасының паспорты,

6) қашықтан оқыту бөлімі көрсетілген әрбір пәннің силлабусы;

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 15, 28-ден

7) оқу кестесі.

3.7. ҚБТ қолданып жүзеге асырылатын пәндердің оқытушылары білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес MOODLE ҚОЖ-ға ПОӘК пен СБР-ды толық көлемде жүктеуге міндетті.

3.8. ҚБТ қолдану арқылы жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау онлайн-прокторинг жүйесі болған жағдайда ғана қашықтан жүзеге асырылады. Онлайн-прокторинг жүйесі болмаған жағдайда ҚБТ қолданатын білім алушылар пәндер бойынша қорытынды емтихандарды Университетте тапсырады.

3.9. Теориялық оқу кезеңінде білім алушылар қашықтан оқытудың электронды жүйесі арқылы пәндерді оқиды, онда барлық оқу материалдары (дәрістер конспектілері, видео дәрістер, презентациялар), тапсырмалар, (тесттер, жазбаша тапсырмалар, ұжымдық талқылау) online (чат, аудио-видео конференциялар) қамтамасыз етіледі және offline (хат алмасу, пікірсайыс форумы) режимінде оқытушылардан кеңес алу мүмкіндігі бар.

3.10. Қорытынды бақылауға (емтихан сессиясына) қол жеткізу үшін академиялық кезең ішінде ҚБТ қолданатын білім алушылар қашықтан оқыту жүйесіндегі тапсырмаларды орындап, әр пән бойынша жалпы баллдың кем дегенде 50%-ын жинауы керек (АБ1 + МТ + АБ2 = 300 балл).


3.11. Іссапарға байланысты ҚБТ қолданатын білім алушылар оқуды қайта қалпына келтірілгеннен кейін Университетте қорытынды емтихандарды тапсырады.

3.12. Шетелдік іссапардан оралған білім алушылардың емтихандарын қабылдау, білім алушының жеке өтініші негізінде рәсімделетін қайта келу туралы бұйрық шыққаннан кейін жүзеге асырылады. Студент факультет деканының өкіміне сәйкес қашықтан оқыған пәндері бойынша емтихан тапсырады. Жалпы семестрлік баллдың 50% -нан аз алған студент емтихан сессиясына жіберілмейді.

3.13. Шетелдік тағылымдамаға кеткен ҚБТ қолданатын білім алушылардың теориялық оқуларының ұзақтығы әр білім алушының тағылымдама кезеңіне байланысты.

4. ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісіне қатысушылардың функциялары мен міндеттері

4.1. ҚБТ бойынша оқу үдерісіне ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық және техникалық қолдау көрсететін Университеттің құрылымдық бөлімшесі Жаңа білім беру технологиялары институты (ЖББТИ) болып табылады, оның құрамына:

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 16, 28-ден

- ҚБТ бойынша оқу үдерісін басқару секторы (әкімшілік-әдістемелік қолдау тобы);

- ҚБТ бойынша ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету секторы (техникалық қолдау тобы);

- ЖАОК орталығы кіреді.

4.2. ҚБТ бойынша оқу үдерісін басқару секторы:

- ҚБТ бойынша оқу үдерісін жоспарлауды және ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

- ҚБТ қатысты құжаттамалардың рәсімделуін қамтамасыз етеді;

- оқытушылардың, ҚБТ қолданатын білім беру бағдарламаларының үйлестірушілерінің және тьюторлардың біліктілігін арттырудың жоспарлануын қамтамасыз етеді;

- ҚБТ қолданатын білім алушылардың ағымдағы үлгерімдері туралы мәліметтердің ақпараттық деректер базасына енгізілуін қамтамасыз етеді.

4.3. Ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету секторы, қашықтан оқытудың бағдарламалық, ақпараттық және техникалық құралдарын әзірлеуді, дамытуды және қолдауды қамтамасыз етеді.

4.4. ЖАОК орталығы moocs.kz және open.kaznu.kz білім беру платформаларында онлайн курстарын құру және іске қосуға әдістемелік және технологиялық қолдау көрсетеді:

- жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеуге және оларды платформаға жүктеуге қатысады;

- жаппай ашық онлайн курстарды платформаға жүктеуге және оларды оқу үдерісіне пайдалану үшін сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді;

- жаппай ашық онлайн курстардың реестрін жүргізеді;


- инновациялық білім беру технологияларын қолдануға қатысты тиісті сертификаттар бере отырып, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және жеке тұлғалардың әртүрлі санаттарындағы жұмысшылар мен ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

- оқытудың дәстүрлі үлгісін қолдану арқылы, білім алушылардың негізгі кәсіптік бағдарламаны игеру үдерісін ұйымдастыруды және оқытудың барлық формаларына арналған онлайн-курстар арқылы материалды оқып үйренуді қамтамасыз ететін аралас білім беру технологиясын қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырады;

- ҚазҰУ-да ҚБТ қолдану арқылы оқытудың сапасын бақылау жүйесін қолдайды;

- білім алушылардың ағымдық бақылау және аралық аттестациясын ұйымдастырады;

- ЖАОК-та оқу нәтижелері бойынша тыңдаушыларға сертификаттар береді;

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 17, 28-ден

– ҚБТ қолдану арқылы оқытуда қолданылатын бағдарламалық жасақтаманың жұмысын қолдайды;

– ҚБТ қолданатын оқыту жүйесінің пайдаланушыларына бақылау және талдау жүргізеді;

– білім беру жүйесінде ЖАОК қолдану бойынша жергілікті нормативтік-құқықтық актілерді әзірлейді;

– орталық қызметінің бағыттары бойынша ғылыми, әдістемелік және оқу әдебиеттерін, анықтамалық материалдарды, оқу құралдарын және басқа да жарияланымдарды әзірлейді, басып шығарады және жүзеге асырады (оның ішінде электронды түрде);

– ҚБТ қолданатын оқу үдерісінде кеңес береді және ұйымдастырушылық көмек көрсетеді;

– оқу үдерісінде ЖАОК енгізу нәтижелері туралы статистикалық есептілікті ұсынады.

4.5. Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқу пәндерін оқытумен байланысты педагогикалық жүктеме пайда болған кезде университет оқытушысы:

– өз факультетінің ҚБТ-сын қолдану арқылы, білім беру бағдарламаларының үйлестірушілерінен, қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы жұмыс істеу бойынша нұсқамадан өту немесе ЖББТИ-нан ақпарат алуға;


– Теориялық оқыту басталғанға дейін бір апта бұрын қашықтан оқыту курстарын әзірлеу талаптарына сәйкес келетін СБР қоса алғанда, ПОӘК әзірлеуге;

– ақпараттық-білім беру жүйесін (Univer, MOODLE ҚБЖ) немесе жеке оқу ортасын (Microsoft Teams, Google Classroom және т. б.) немесе оқытушы оқу үдерісін жүргізетін онлайн платформаны анықтауға;

– кез келген АББЖ немесе жеке оқу ортасын таңдау кезінде оқытушы Univer жүйесіне пәннің силлабусын жүктеуге (немесе электрондық силлабусты толтыруға) міндетті, онда сабақтың әр түрі үшін таңдалған платформалар көрсетіледі;

– таңдалған АББЖ-да немесе дербес оқу ортасында СБР және сыртқы электрондық ресурстарға сілтемелерді (электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқыту бағдарламалық тренажерлары, ақпараттық-анықтамалық жүйелер, виртуалды зертханалық практикумдар, компьютерлік тестілеу жүйелері және т. б.) қоса алғанда, пәндерді толық е-ПОӘК-ке жүктеу немесе онлайн платформада ЖАОК пайдалануға;

– апта сайын бекітілген кестеге сәйкес бейнеконференциялар мен вебинарлар өткізу, жазбаша жұмыстарды тексеру, орындалған тапсырмалар

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 18, 28-ден

үшін балл қою және білім алушыларға кері байланыс беру үшін қашықтан оқыту жүйесіне қатысуға;

– университеттің АББЖ (Univer, MOODLE ҚОЖ) немесе дербес оқу орталарында (Microsoft Teams, Google Classroom және т. б.) тиісті сілтемелерді орналастыра отырып, дәрістерді бейнежазбалармен қамтамасыз етуге;

– пән бойынша қорытынды емтиханды ҚБТ қолдану арқылы қабылдаған жағдайда емтихан материалдарын әзірлеуді қамтамасыз ету;

– оқытудың күтілетін нәтижелерін бағалауға байланысты кез келген бақылау іс-шаралары кезінде оқытушы университеттің академиялық адалдық ережелеріне сәйкес бекітілген әдістемелік ұсынымдардың негізінде білім алушылардың жеке басын сәйкестендіру бойынша талаптарды орындауға міндетті.

4.6. ҚБТ-ны қолдану арқылы оқитын білім алушыларға интернетке кемінде 512 кб/с жылдамдықпен шығатын дербес компьютерге не мобильді құрылғыға, вебинарлар өткізуге арналған компьютерлік мультимедиа жабдығына (веб-камера, гарнитура) тұрақты қолжетімділік болуы қажет.

4.7. ҚБТ қолдану арқылы білім алушылар:

– пәннің бекітілген силлабусымен танысуға;
 – пәннің бекітілген силлабусына сәйкес ұсынылатын цифрлық білім беру ресурстарының көмегімен оқу материалын меңгеруге;

– оқытушы әзірлеген бекітілген кесте мен әдістемеге сәйкес бейнедәрістерді қарау және семинар және практикалық сабақтарға қатысуға;


– "Univer" жүйесі немесе Moodle ҚОЖ немесе жеке оқу ортасы арқылы тапсырмаларды тапсырудың бекітілген кестесіне сәйкес оқытушыға орындалған тапсырмаларды ұсынуға;

– оқудың күтілетін нәтижелерін бағалауға байланысты кез келген бақылау іс-шаралары кезінде білім алушы университеттің академиялық адалдық ережелеріне сәйкес биометриялық деректер / жеке құжаттар негізінде жеке басын сәйкестендіру бойынша талаптарды орындауға міндетті.

4.8. Факультетте ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісін үйлестіру үшін университет ректорының бұйрығымен ҚБТ қолдану арқылы білім беру бағдарламаларының үйлестірушісі – әдетте басшылық қызмет атқармайтын факультет оқытушысы (бұдан әрі – үйлестіруші) тағайындалады.

4.9. Үйлестіруші онлайн оқыту мен ҚБТ қолдану арқылы, білім беру үдерісіне қатысатын факультет қызметкерлерінің жұмысын:

- Univer жүйесінде;
- MOODLE ҚОЖ-да;
- жаппай ашық онлайн курстардың онлайн-платформаларында –

	ҚазҰУ	Күні: 2020 ж.	Екінші басылым
	ҚБТ қолдану арқылы оқытуды ұйымдастыру ережелері	Е ҚазҰУ	б. 19, 28-ден

open.kaznu.kz, moocs.kz;

- дербес оқу орталарында ұйымдастырады.

4.10. ҚБТ қолдану арқылы білім беру бағдарламалары үйлестірушісінің функциялары:

- факультеттің оқу үрдісінде қашықтан білім беру технологияларын қолдану және онлайн оқытуды дамытудың Жол картасын әзірлеу (*бұдан әрі* – Жол картасы);

- жол картасы шеңберінде іс-шаралардың орындалуына мониторинг жүргізу;

- ПОҚ және білім алушыларға жаппай ашық онлайн курстардың онлайн-платформаларында және MOODLE ҚОЖ-да жұмыс бойынша техникалық және әдістемелік қолдау көрсету;

- факультетте ҚБТ қолданумен білім беру бағдарламасы бойынша жұмыстарды басқару;

- жаппай ашық онлайн курстардың онлайн-платформасында және MOODLE ҚОЖ жұмысы бойынша оқытушылармен және білім алушылармен тренингтер, семинарлар, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу;

- факультетте онлайн білім беруді және ҚБТ дамыту бойынша әдістемелік іс-шаралар өткізу;

- жұмыс жоспарына сәйкес ҚБТ қолдану арқылы факультеттің оқу қызметін ұйымдастыру;

- ҚБТ қолдану арқылы оқытуды енгізудің сандық және сапалық көрсеткіштерінің мониторингі, соның ішінде:

- әзірленген және сараптамадан өткен ПОӘК және СБР саны;
- білім алушылардың академиялық белсенділігі (ПОӘК-ке, оның жеке ресурстарына, элементтеріне және СБР-ға жүгіну жиілігі •);
- оқытушылардың MOODLE ҚОЖ-да жұмысы (белсенділігі) (пәндерді меңгеру кестесіне сәйкес білім алушыларға кеңес беру және олардың орындайтын жұмыстарын рецензиялау жиілігі);


- ПОӘК және СБР сапасын бағалайтын оқу-әдістемелік комиссияларды қалыптастыруға қатысу және оларды оқу үрдісінде қолдануға дайындық;

- факультет басшылығы және ҚазҰУ-дың ЖББТИ үшін бекітілген Жол картасына сәйкес онлайн оқыту және ҚБТ қолдану арқылы, факультет жұмысының тиімділігін арттыру бойынша есеп және ұсыныстар дайындау.

